

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№4 (2023)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RSNM3937>**\*М. С. Кадирова**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.  
\*e-mail: [mali\\_ks@mail.ru](mailto:mali_ks@mail.ru)

## **СОМАТИКАЛЫҚ ЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ (1897 ЖЫЛҒЫ «КИРГИЗСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ» СӨЗДІГІ МАТЕРИАЛЫНДА)**

*Мақалада кез келген тілдің семантикалық жүйесіндегі ең маңызды құбылыстардың бірі – көпмағыналық туралы баяндалады.*

*Автор жаңа мағыналардың қалыптасуына ең бейім адамдар мен жануарлар денесінің бөліктерін білдіретін сөздік қабаттардың бірі – соматикалық лексемалардың негізгі сипаттамаларын қарастырады. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, автор көп мағыналылықтың, оның ішінде соматикалық лексемалардың түрленуінің теориялық аспектілерін қарастырады.*

*Зерттеу барысында лексемалардың семантикалық құрылымы, олардың бастапқы (негізгі) және қосалқы (екіншілік) мағыналарына тоқталады. Негізгі дереккөз ретінде алынған 1897 жылы Орынборда жарық көрген XIX ғасырда кирил әліпбиімен жазылған «Киргизско-русский словарь» жазба ескерткішіндегі соматикалық лексиканың көп мағыналығы талданып, топшаларға бөліп қарастырылады. Мақалада аталмыш соматикалық лексемалардың мағыналарына компоненттік талдау жасалады. Компоненттік талдаудың көмегімен соматикалық лексемалардың семантикалық құрылымы, полисемантиканың лексика-семантикалық варианттары арасындағы байланыс түрлері талданады.*

*Талдау барысында соматикалық лексиканың дамуы мен бастапқы мағыналарды түрлендіру процесінде талданатын лексемалар ауыспалы (қосалқы) мағынаның едәуір үлкен санына ие болғандығы айқындалды. Жаңа мағыналардың қалыптасуы метафоралық, метонимиялық немесе функционалдық ауысулардың*

*көмегімен жүзеге асуы сөз болады. Сөздегі мағыналар тізбегінің сипатына қарай жасалған лексика-семантикалық варианттар радиалды, тізбекті және радиалды-тізбекті түрлері арқылы өзара байланысы көрсетіледі.*

*Кілтті сөздер: соматикалық лексика, соматизм, көпмағыналық, лексема, сөздің семантикалық құрылымы*

## **Кіріспе**

Адам қоршаған әлемді, ең алдымен, өзінен тани бастайды. Көне заманнан бері антропоморфизм (грек тілінен *anthropos* – адам, *morphe* – түр) шындықты түсіндіру мен сипаттаудың негізгі принципі болған, соған сәйкес жануарларға, табиғат құбылыстарына, заттарға адамдық қасиеттер берілген. Бұл ережеден адам өзіне жаңа заттар мен құбылыстарды ұсынып, формасы, қызметі және т.б. жағынан әртүрлі объектіні атай отырып, ең алдымен өз денесіне сілтеме жасайды. Соның нәтижесінде дене элементтерін атайтын лексемалардың көпмағыналық сипаты дамиды.

Көпмағыналық құбылысы негізгі лексика-семантикалық топтардың бірін құрайтын, тілдің ең көне қабаттарының бірі болып табылатын соматизмдерге де тән. Дене мүшелерінің атаулары (соматизмдер) адам болмысының функционалдық және сезімдік аспектілерімен тікелей байланысты белгілі бір тілдік қауымдастықтарға жататын тұлғалардың мәдени-антропологиялық ерекшеліктерін көрсететін сөздік қордың ең көне қабаты. Соматизмдер адам денесінің құрылымының элементтерін және оның ағзасының көріністерін білдіреді. Әртүрлі жүйедегі соматизмдердің көпмағыналық аспектілері мынадай тілтанушы ғалымдардың еңбектерінде зерттелді: Т. М. Алиева «Полисемантизм соматической лексики в разносистемных языках» [1], М. Н. Жадейко [2], Р. Ю. Мугу «Полисемантизм соматической лексики» [3], Е. А. Клопотова «[Соматическая лексика енисейских языков в синхронии и диахронии](#)» [4] және т.б.

Мақаланың мақсаты: көпмағыналы сөздердің бірі соматикалық лексемалардың семантикалық құрылымына талдау жасау, тілдің ауыспалы мағынасындағы әлеуетін (мүмкіндіктерін), сонымен қатар қосалқы мағыналарды жасау механизмін анықтау.

## **Материалдар және әдістері**

Зерттеудің негізгі материалы «Киргизско-русский словарь». Оренбург. Типо-Литография Б. Бреслина. 1897 [5] ескерткішінің сөздік қоры болып табылады (әрі қарай Сөздік). Сөздіктің лексикалық семантикасын зерттеу үшін қазіргі тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен ғылыми әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Атап айтқанда, индукция, дедукция, салыстыру, сипаттау және жинақтау ғылыми талдаудың жалпы әдіснамасына

сүйенеміз. Зерттеу барысында семантикалық талдау әдісі, диахрония және синхрониядағы салыстырмалы зерттеу, сипаттау, жүйелеу, топтау, әдістері қолданылады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Тілімізде сөз мағыналарының өзгерісі үздіксіз дамып отыратын үдеріс. Қоғамдағы құбылыстар дамып, кейбір сөздердің мағыналары тарылса, ал енді кейбіреулерінің бастапқы мағынасының үстіне жаңа мағыналар қосылып отырады. Сөздердің бастапқы мағынасының үстіне бірнеше басқа мағыналар қосылып сөз көп мағыналылыққа ие болады. Көп мағыналы сөздерге толы мәтінді түсінуде қиындықтар туындайтындықтан сөздің көпмағыналығы өзекті лингвистикалық мәселе болып табылады. Көпмағыналық, оның табиғаты мен ерекшеліктері туралы В. В. Виноградов, А. И. Смирницкий, А. А. Уфимцева, Ю. Д. Апресян, Л. А. Новиков, отандық ғалымдардан К. Аханов, К. Мұсаев, М. Оразов, Ғ. Қалиев, А. Болғанбаев, Н. Шаймердинова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

«Полисемия» термині (грекше поли – көп, сема – белгі), қазақ тіліне көпмағыналық деп аударылады [6, 381 б.]. «Сөздің көп мағыналылығы оның әртүрлі мағынада қолданылуын білдіреді» [7, 172 б.]. В. Н. Немченко: «Сөзде кем дегенде екі мағынаның болуы, көп мағыналылық (немесе полисемия) деп аталады», – дейді [8, 281 б.]. Д. Н. Шмелев былай деп жазады: «Полисемия туралы айтқанда, олар ең алдымен, сөздердің көпмағыналығын лексиканың бірлігі ретінде қарастырады. Лексикалық полисемия – бір сөздің шындықтың әртүрлі заттары мен құбылыстарын белгілеуге қызмет ету қабілеті» [9, 182 б.]. К. Аханов сөздің көп мағыналығы қоғамның дамуы барысында адам баласының танымағанды танып, зат пен құбылыстың қарым-қатынасын танудан пайда болған деп түсіндіре келіп, тілдегі полисемиялық құбылыс сөздің тура мағынасы мен туынды мағынасын қамтитынын айтады [10].

Сонымен, ғалымдардың анықтамаларын саралай келе, сөздің бастапқы мағынасының түрленуі мен дамуы нәтижесінде бір сөзге қатысты бірнеше мағынаның болуы көпмағыналық (полисемия) деп атауға болады. Көп мағыналы сөздердің бірнеше мағынасы болады. Олар: денотативті (қайталанатын) мағына және одан туындаған мағыналар (контекстік). Бұл мағыналар белгілі бір семантикалық құрылымды құрап, әртүрлі тәсілдермен байланысуы мүмкін, сондықтан көптеген лингвистер көп мағыналы сөздердің мағыналық байланыстарының келесі типтерін ажыратып көрсетеді:

а) радиалды полисемия; ә) тізбекті полисемия; б) радиалды-тізбекті полисемия.

Радиалды полисемия – сөздің барлық мағыналары негізгі мағынаға тікелей қатысты болатын байланыс». Мәселен, табан көп мағыналы сөзі:

1) аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі; 2) аяккіімнің адам табаны тиіп тұратын бөлігі; 3) аякасты; 4) заттың жерге тиіп тұратын астыңғы жағы; 5) өзеннің, сайдың, өзектің су ағатын арнасы, төменгі етегі, іші [6, 13 т., 583 б.]. Бұл мағыналардың барлығы негізгі мағынаға тікелей байланысты.

Тізбекті полисемия–сөздің әрбір жаңа мағынасы алдыңғы мағынамен байланысады, бірақ «сонғы» мағыналары өзара байланыспауы мүмкін. Көп мағыналы сөзде бірінші лексика-семантикалық вариант (бұдан әрі ЛСВ) сөздің негізгі мағынасымен байланысқанда, ал қалған ЛСВ мәндері тізбек немесе тізбек байланысы бойынша бір-біріне тәуелді болғанда тізбекті байланыс жүзеге асырылады. Мәселен, көз көп мағыналы лексемасын алайық: 1) көру мүшесі; 2) анат. адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше; 3) иненің жіп өткізетін тесігі; 4) ауыс. бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі.

Радиалды-тізбекті полисемия – ЛСВ-дың мағыналары мен көп мағыналы сөздің негізгі мағынасы арасындағы қатынастың ең көп тараған түрі. Онда екі байланыс түрі болады, яғни қосалқы (екінші) мағыналардың негізгі мағынамен және бір-бірімен радиалды және тізбекті байланысының тіркесімі.

«Киргизско-русский словарь» жазба ескерткішіндегі соматизмдердің көпшілігі екі немесе одан да көп ЛСВ-дан тұратын семантикалық құрылымға ие. Ескерткіштегі көп мағыналы соматикалық лексемаларды келесі топшаларға бөліп қарастыруға болады: а) бастың және оның бөліктерінің атаулары; ә) қол-иық, дене атаулары; б) аяқ-жамбас белбеуі атаулары; в) ішкі орган атаулары.

**Бастың және оның бөліктерінің атауларының лексикалық байланыстарына тоқталайық:**

*Бас* голова ат басындай съ лошадиную голову, т.е. огромный (кусок золота и т.п.); цвѣтокъ на травѣ, вершина дерева, - горы, верховье рѣки; - бастан келемин иду съ верховья рѣки; начальникъ – колдун басы начальникъ войска; главный – бас әким главный начальникъ; начало – айдын басы первое число мѣсяца [5, 36 б.] деп берілсе, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» аталмыш сөздің 23 мағынасы көрсетілген: 1) анат. адам не жануарлар денесінің кеудеден жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі; 2) адамның, жан-жануардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми, т.б. орналасқан дене мүшесі; 3) ауыс. кісінің жеке дара өзі, адам; 4) малдың саны, тұяқ; 5) әралуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы; 6) таудың, қырдың, дөң-дөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі; 7) өзеннің, бұлақтың, басталған жері, қайнар көзі; 8) таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы; 9) балта, пышак, шот т.б. құрал-сайманның саптан төменгі жүзі бар жағы; 10) аяккіімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі, тұмсығы; 11) ауыс. заттың, бұйымның бөлшектері, кесегі, орамасы; 12) ауыс. мекен-

тұрақты білдіретін сөздермен тіркескенде маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді; 13) әуелі, алғашқы; 14) мезгілдің алғашқы кезі; 15) белгілі бір іс-амалдың ұйытқысы, себепкері; 16) ауыс. басшы, жетекші; 17) ауыс. ақыл, ой, ес; 18) ауыс. тағдыр, өткен өмір мағынасында; 19) ауыс. мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы; 20) негізгі, ұйытқы, басты; 21) бірінші тұрған, алғашқы; 22) белгілі бір процестің басталуы; 23) діни. Рәкәт, бір отырыс (намаз) [6, 3 т., 10–11 бб.]. Келтірілген 2,3,4 және 5... ЛСВ-тар белсенді орган ретінде «бас» сөзінің байланыстары нәтижесінде бірінші ЛСВ-дан шығады. Бұл мағыналар «бас» лексемасының варианты болып табылады да, өзге варианттар «бас» соматизмінің қосалқы (екіншілік) мағыналары болып шығады. «Бас» көп мағыналы сөзінің барлық ауыспалы мағыналары негізгі мағынамен радиалды түрде байланысады. Сонымен қатар, бұл мысалдарда белгілердің сыртқы және функционалдық ұқсастығы негізінде метафоралық және метонимиялық байланыс бар. «Адам, кісінің жеке дара өзі» және бір нәрсенің басы, ұшы, жағы, көзі маңы, жаны, қасы ретінде «таудың, қырдың, дөң-дөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі; айдың басы» мағыналары метафора құбылысы арқылы жасалса, «басшы, жетекші, әкім», «ақыл, ой, ес» метонимиялық байланыс арқылы жасалған.

*Қулак / құлақ* ухо; куроць ружейный [5, 134 б.]. 1) анат. Адам мен омыртқалы жануарлардың есту мүшесі; 2) ауыс. Баскиімнің құлақты жауып тұратын бөлігі; 3) ауыс. Тұрмыстық заттардың ұстауға арналған жері, тұтқасы; 4) ауыс. Музыкалық аспаптың ішегін қатайтатын немесе босататын тетігі; 5) кәс. Бірнеше ауды жалғастырып ұстап тұратын дөңгелек шығыршық [6, 10 т., 283 б.]. Аталмыш лексеманың ауыспалы мағыналары 2, 3 ЛСВ метафоралық, 5 ЛСВ метонимиялық жолмен жасалған.

*Бет* лицо [5, 42 б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «бет» лексемасының мынадай 16 мағынасы көрсетілген: 1) бастың алдыңғы жағы, жүз, дидар; 2) бет сүйек пен жақ сүйектің арасындағы ет, беттің ұшы; 3) анат. Мұрын, ауыз, иек, көзшара, көзшараасты, ұрт, жақ аймақтарынан тұратын адамның басының бір бөлігі; 4) адамның өзіндік түрі, түс-келбеті, өң, түр, шырай; 5) бір нәрсенің үстіңгі жағы, жоғарғы қабаты; 6) өзен, көл, дария т.б. жоғарғы жағы; 7) таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі; 8) жақ, тұс; 9) кітап-дәптер, газет парағының әрбір жазылатын жағы; 10) инф. Компьютердегі виртуалды адресі бар белгілі бір ұзындықтағы блок; 11) геом. Арнаулы тәсілмен анықталатын нүктелер жиыны; 12) ауыс. Белгілі бір бағыт, бағдар, беталыс; 14) ауыс. Жай, жай-жапсар; 15) ауыс. Қаһар, айбат, сұс; 16) ауыс. Түрі, ыңғайы [6, 3 т., 298–300 б.]. «Бет» лексемасының ЛСВ бір-бірімен тізбекті байланысады. Мәселен, 2, 3, 4 ЛСВ негізгі мағынамен тікелей байланысып, қалған қосалқы 5, 6, 7, 8, 9 ЛСВ метафоралық, «бағыт, бағдар, беталыс, қаһар, айбат, сұс» метонимиялық ауысулар арқылы жасалған.

*Көз / көз* глазъ; небольшое отверстие [кольца, перстня]; взглядъ, зрѣніе (чувство); игольная ушки; начало родника; родникъ, ключъ; самъ [5, 119 б.] сияқты мағыналары берілген. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: 1) Көру мүшесі; 2) анат. Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше; 3) ауыс. Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шенберлі әшекей; 4) ауыс. Нәрсенің өзі; 5) Адам, жан; 6) ауыс. Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе; 7) ауыс. ақыл, ес, сана; 8) ауыс. Жемістің өніп шығатын жері, бүртік кіндігі; 9) ауыс. Иненің жіп өткізетін тесігі; 10) ауыс. Кереге және торлы заттардың тесігі; 11) ауыс. Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры; 12) ауыс. Алды, көз алды; 13) ауыс. Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі; 14.) ауыс. Тұрғы, көзқарас, ұстаным [6, 6 т., 173 -174 бб.]. «Көз» лексемасының ауыспалы мағыналары пішін, орналасу, ассоциация ұқсастығы нәтижесінде яғни 3, 4, 8, 9, 10, 11, 12, 13 ЛСВ метафора арқылы жасалып, негізгі мағынамен тізбекті түрде байланысып тұр. «Ақыл, ес, сана» метонимия арқылы жасалған. «Киргизско-русский словарь» жазба ескерткішіндегі көз лексемасы «взглядъ, зрѣніе» ЛСВ бастапқы мағынамен тізбекті байланысса, «игольная ушки; начало родника; родникъ, ключъ; самъ» ЛСВ бастапқы мағынамен радиалды байланысып тұр. «Игольная ушки; начало родника» метафоралық, «самъ» (өзіне өзі көз болу) метонимиялық қатынас арқылы жасалған.

### **Қол-нық, дене атаулары:**

*Кол / қол* войско; отрядъ; рука; палець; переднія ноги вмѣстѣ съ лопаткой у животныхъ [5, 122 б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: 1) адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы; 2) адамның иықтан қар, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі; 3) анат. адамның иықтан басталып, саусақтарының ұшына дейін бөлігін қамтитын жоғарғы дене мүшесі; 4) ауыс. жұмыс күші, адам; 5) ауыс. Билік, иелік; 6) қолтаңба, жазу. 7) әскер, жауынгер [6, 8 т., 697 б.] сияқты мағыналары берілген. 2, 3 және 6 ЛСВ-тар белсенді мүше ретінде қолдың ассоциациялануы нәтижесінде бірінші ЛСВ-тан келеді. «Қол» көп мағыналы лексемасының барлық ауыспалы мағыналары негізгі мағынамен радиалды түрде байланысады, яғни олардың барлығы негізгі ЛСВ-тан бастау алады. Мағынаның тура мағынадан ауыспалы мағынаға ауысуы негізінен белгілердің сыртқы және қызметтік ұқсастығы негізінде метафоралық және метонимиялық ауысу нәтижесінде жүзеге асады. Жоғарыдағы мысалдарда 4, 5 және 7 ЛСВ метонимиялық жолмен жасалған.

*Иық* лексемасының 6 ЛСВ бар: 1) анат. Адамның әртүрлі сүйектерден, буыннан, бұлшық ет жүйесінен тұратын мойыннан қолға дейінгі бөлігі; 2) адамның мойыннан қолға дейінгі бөлігі; 3) сөйл. Бұғана. Әбдінің соққысы



тигенде жанжалқой Қарабайдың да оң иығы сынып кеткендей сытыр етті (М. Әуезов, Абай); 4) жең түбінің үстіңгі жағы, киімнің иіні; 5) ауыс. Бір нәрсенің жотасы, қыры, биіктеу жері; 6) орындық, диван т.б. сияқтылардың арқалығының ұшы [6, 7 т., 393 б.]. «Иық» лексемасынның қосалқы 2, 3, 4 ЛСВ-ы бастапқы ЛСВ-пен тізбекті байланысып тұр. «Бір нәрсенің жотасы, қыры, биіктеу жері; орындық, диван т.б. сияқтылардың арқалығының ұшы» сияқты ауыспалы мағыналары метафоралық жолмен жасалған.

*Шынтақ* соматизмінің «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» 5 ЛСВ

берілген: 1) анат. Қолдың қар сүйегі мен білек сүйегінің түйіскен сырт жағы; 2) киім жеңінің шынтақ тұсы; 3) ертеректе Орта Азия мен Қазақстанда кең тараған ұзындық өлшемдерінің бірі, қолдың ортаңғы саусақтарының ұшынан бастап, шынтақтың бүгілген жеріне дейінгі аралық; 4) жерг. Кернейдің иіні; 5) жерг. Жеңсіз қамзолдың бір түрі [6, 15 т., 568–569б.]. 2, 3, 4, 5 ЛСВ бастапқы мағынамен радиалды байланысып, метафоралық ауысу арқылы жасалған.

*Білек / білек* локать (отъ пясти до загиба) [5, 43 б.]. 1) қолдың басы мен шынтақ аралығы; 2) ауыс. күш, қайрат [6, 4 т., 120 б.]. Сөздікте «білек» соматизмінің 2 ЛСВ берілген. Лексеманың ауыспалы мағынасы метонимиялық жолмен жасалған. Алайда бұл соматизмнің семантикалық құрылымы қосалқы мағынасымен ерекшеленеді. Е.В.Севортян өзінің этимологиялық сөздігінде түрік тілінің кейбір диалектілерінде «білек» соматизмі «есектің (қалақтың) тарылған жері» және «білікшені қиғашпен байланыстыратын темір сақина» сияқты ауыспалы мағынада да қолданылатынын айтады. Автор түркі тілдерінің басым көпшілігінің негізгі мағынасы ретінде «білек» мағынасын көрсетіп, келесі қосалқы мағыналарын да тізіп көрсетеді: «қолдың білегі», «қолдың шынтақ буынынан қолға дейінгі бөлігі», «шынынтақтан білезік буынға дейін», «қол» (мысалы, құмық, ұйғыр тілдерінің кейбір диалектілерінде), «жеңнің төменгі бөлігі», «бұлшық ет, мускул», «сабақ (өсімдік сабағы, т.б.)» [11, 145 б.].

*Тырнақ / тырнақ* ноготь, коготь [5, 214 б.] лексемасының мынадай ЛСВ-тары бар: 1) аяқ-қолының ұшындағы қатты және өткір өсінді; 2) аңның, құстың аяқтарындағы үшкір, имиген мүйіз түзімді өткір өсінді; 3) ауыс. Басқа түскен жағымсыз жағдай, біреудің үстемдігі, жәбірі, қорлығы деген мағынада [6, 14 т., 570 б.]. «Тырнақ» көп мағыналы лексемасы музыкалық аспапта қолданылатын саусаққа киілетін «тырнақ» сақина (мизраб) мағынасында қолданылып, қосалқы мағына 3 ЛСВ негізгімен радиалды байланысып, метафоралық, сонымен қатар қызметтік ауысу арқылы жасалған.

**Аяқ-жамбас белбеуі атаулары:**

*Айак / аяқ* нога, аяк баспа сюда ни ногой! Конецъ – айдын айагына гарай окола конца мѣсяца; бастан айагына шеин съ начала до конца.

Окрестность, лежащая при устьѣ какой нибудь рѣки – аяктагы ел народъ живущій при устьѣ (рѣки) [5, 7 б.]. Ал, Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл сөздің 7 мағынасы бар: 1) анат. жүру-тұру қызметін атқаратын жамбас белбеуі мен еркін қозғалатын сүйектерден тұратын адамның дене мүшесі; 2) жан-жануардың қозғалуын қамтамасыз ететін дене мүшесі; 3) аяқкіім; 4) үстел, орындық, кереует тәрізді заттардың төменгі жағы; 5) өзеннің, ағын судың төменгі жағы; 6) ауыс. бір нәрсенің соңы, ақыры, шеті [6, 2 т., 312 б.]. «Аяқ» лексемасының 2, 3, 4 ЛСВ бастапқы мағынамен тікелей тізбекті байланысқан. Сыртқы ұқсастығана, пішініне, атқаратын қызметіне қатысты 3, 4, 5, 6 ЛСВ метафоралық қатынаста жасалған.

*Табан* подошва (ноги и обуви); полозья у саней; пойменное мѣсто; токъ, гладкое мѣсто; карась [5, 191 б.]. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: 1) аяқтың жерге тиетін, жер басатын бөлігі; 2) аяқкіімнің адам табаны тиіп тұратын бөлігі; 3) аяқасты; 4) заттың жерге тиіп тұратын астыңғы жағы; 5) геом. Фигураның төменгі бөлігі; 6) өзеннің, сайдың, өзектің су ағатын арнасы, төменгі етегі, іші [6, 13 т., 583 б.] сияқты мағыналары берілген. Бұл мағыналардың барлығы негізгі мағынамен радиалды байланысқан. 2, 3, 4, 5, 6 ЛСВ барлығы негізгі мағынаға тікелей байланысып, метафоралық жолмен жасалған.

### ***Ішкі орган атаулары:***

*Баур* / *бауыр* печень; родственникъ, родня, родство; родные братья, - сестры, дружба. Аттын баурына салып келе йатыр ѣдеть нахлыстывая лошадь. Баурымды бастым я утишилъ свой гнѣвъ. Баур сууды охладѣла дружба. Баур кійиз кошмой обтянутая веревка, которую при вьючкѣ поддѣвають подъ грудь верблюда [4, 38 б.]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *бауыр* сөзінің 10 мағынасы берілген: 1) анат. омыртқасыз жануарларда асқорыту және қоректі сіңіру процестеріне де қатысатын ... ағза мүшесі; 2) мед. адамның ағзасындағы асқорыту, қан түзу, зат алмасу және т.б. өмірлік маңызды физиологиялық, биохимиялық процестерге қатысатын ішкі мүшесі; 3) жан-жануардың дене тұрқының бауыр орналасқан ішкі жағы, қолтық тұсы; 4) адамның құшағы; 5) ауыс. Таулы, жоталы, дөңді жерлердің сырт жағына қарама-қарсы ой жағы, баурайы, етегі; 6) ауыс. Көлдің, өзеннің шұрайлы жағалауы, жағасы; 7) тамақ. Малдың тамаққа пайдаланылатын ішкі мүшесі; 8) ауыс. жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы; 9) мәшине, трактор, комбайн, танк сияқты техникалық құралдардың астыңғы, жерге тиер жағы [6, 10 т., 132 б.]; 10) бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар [6, 3 т., 136 б.]. Берілген мысалдарда 5, 6, 7, 8, 9 ЛСВ қосалқы мағыналар бастапқы мағынамен радиалды байланысып, пішініне, қызметіне, орналасуына қарай метафора арқылы, 10 ЛСВ метонимия арқылы жасалған.

Көріп отырғанымыздай, соматикалық лексиканың басым бөлігі сыртқы белгілерінің, орналасуының, формасының ұқсастығына, сондай-ақ орындалатын функцияларына байланысты қалыптасқан екі немесе одан да көп ЛСВ-дан тұратын семантикалық құрылымға ие екендігі анықталды.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады, 1897 жылы Орынборда жарық көрген «Қырғызша-орысша сөздік» ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ тілінің лексикалық семантикасының байлығын көрсетеді. Сөз семантикасының динамикалық сипатына байланысты қарастырылған соматизмдердің көпшілігі көп мағыналы болып табылады. Соның ішінде «соматизмдер» негізгі лексико-семантикалық топтардың бірінің құрамына кіретін лексемалар. Екі немесе одан да көп ЛСВ-дан тұратын семантикалық құрылымы бар соматикалық лексика оның дәлелі болып табылады. Талданған соматикалық лексемалардың ауыспалы (қосалқы) мағынасы метафоралық, метонимдік және функционалдық ауысулар арқылы заттардың сыртқы белгілерінің, орналасуының, пішінінің, сондай-ақ атқаратын қызметтерінің ұқсастығына байланысты қалыптасқан. Семантикалық түрлену нәтижесінде пайда болған мағыналар радиалды, тізбекті, радиалды-тізбекті түрлері арқылы өзара байланысқан.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Алиева, Т. М.** [Полисемантизм соматической лексики в разносистемных языках: на материале единиц «рот» и «глаз» лезгинского, азербайджанского и английского языков](#): автореферат дис. на соиск степ. кандидата филологических наук по специальности 10.02.20 : Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание [Текст]. – Махачкала, 2010. – 23 с.

2 **Жадейко, М. Н.** Развитие полисемии на примере ЛЕ семантического поля «части человеческого тела» [Текст]. // Актуальные вопросы романо-германской филологии и методики преподавания иностранных языков. – 2002. – № 3. – С. 112–127.

3 **Мугу, Р. Ю.** [Полисемантизм соматической лексики: На материале русского и немецкого языков](#): автореферат дис. на соиск степ. кандидата филологических наук по специальности 10.02.20 : Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание [Текст]. – Майкоп, 2003. – 24 с.

4 **Клопотова, Е. А.** [Соматическая лексика енисейских языков в синхронии и диахронии](#): автореферат дис. на соиск степ. кандидата

филологических наук по специальности 10.02.20: Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание [Текст]. – Томск, 2002. – 22 с.

5 Киргизско-русский словарь. Сост. по материалам Н.И. Ильминского и др. [Текст]. – Оренбург : Типо-литография Б.А. Бреслина, 1897. – 244 с.

6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық [Мәтін]. – Алматы : «Арыс», 2006. – 752б.

7 Розенталь, Д. Э. Голуб, И. Б. Секреты стилистики. Правила хорошей речи [Текст]. – изд. 7. – Москва : Айрис пресс, 2007. – 199 с.

8 Немченко, В. Н. Введение в языкознание. Учебник для вузов [Текст]. – Москва: Дрофа, 2008. – 703 с.

9 Шмелев, Д. Н. Проблемы семантического анализа лексики [Текст]. – Москва : Издательство ЛКИ, 2008. – 280 с.

10 Аханов, К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы [Мәтін]. – Алматы : Кітап, 2002. – 664 б.

11 Севортян, Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» [Текст]. – Москва : Наука, 1978. – 349 с.

12 Ковалева, Л. М. Многозначность языковых единиц в когнитивном аспекте: монография [Текст]. – Иркутск : ИГЛУ, 2013. – 190 с.

13 Devorah, E. K., Gregory, L. M. The Representation of Polysemous Words // [Journal of Memory and Language](#) – 2001. – Vol. 45. P. 259–282. [Электронный ресурс]. – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0749596X0192772> (дата обращения: 15.02.2023)

14 Толочин, И. В. Учебник по лексикологии [Текст]. – Москва : Антология, 2014. – 352 с.

15 Лещёва, Л. М. Лексическая полисемия в когнитивном аспекте: монография [Текст]. – Москва : ЯСК, 2014. – 253 с.

## References

1 Alieva, T. M. Polisemantizm somaticeskoy leksiki v raznosistemnyh jazykah: na materiale edinic «rot» i «glaz» lezginского, azerbajdzhanskogo i anglijskogo jazykov: avtoreferat dis. na soisk step. kandidata filologicheskikh nauk po special'nosti 10.02.20 : Sravnitel'no-istoricheskoe, tipologicheskoe i sopostavitel'noe jazykoznanie [Polysemantism of somatic vocabulary in multi-system languages: on the material of the units «mouth» and «eye» of the Lezgian, Azerbaijani and English languages: dissertation abstract for the degree competition. candidate of philological sciences sciences in the

specialty 10.02.20 : Comparative-historical, typological and comparative linguistics] [Text] – Makhachkala, 2010. – 23 p.

2 **Zhadejko, M. N.** Razvitie polisemii na primere LE semanticheskogo polja «chasti chelovecheskogo tela» avtoreferat dis. na soisk step. kandidata filologicheskikh nauk po special'nosti 10.02.20 : Sravnitel'no-istoricheskoe, tipologicheskoe i sopostavitel'noe jazykoznanie [The development of polysemy on the example of the LE of the semantic field «parts of the human body»] [Text]. Topical issues of Romano-Germanic philology and methods of teaching foreign languages. – 2002. – № 3, – P. 112–127.

3 **Mugu, R. Ju.** Polisemantizm somaticheskoy leksiki: Na materiale russkogo i nemeckogo jazykov avtoreferat dis. na soisk step. kandidata filologicheskikh nauk po special'nosti 10.02.20 : Sravnitel'no-istoricheskoe, tipologicheskoe i sopostavitel'noe jazykoznanie [Polysemanticism of Somatic Vocabulary: On the Material of Russian and German Languages : dissertation abstract for the degree competition. candidate of philological sciences in the specialty 10.02.20 : Comparative-historical, typological and comparative linguistics] [Text]. – Maykop, 2003. – 24 p.

4 **Klopotova, E. A.** Somaticheskaja leksika enisejskikh jazykov v sinhronii i diahronii avtoreferat dis. na soisk step. kandidata filologicheskikh nauk po special'nosti 10.02.20 : Sravnitel'no-istoricheskoe, tipologicheskoe i sopostavitel'noe jazykoznanie [Somatic Vocabulary of the Yenisei Languages in Synchrony and Diachrony: dissertation abstract for the degree competition. candidate of philological sciences in the specialty 10.02.20 : Comparative-historical, typological and comparative linguistics] – Tomsk, 2002. – 22 p.

5 Kirgizsko-russkij slovar : / Sost. po materialam N.I. Il'minskogo i dr. [Kyrgyz-Russian Dictionary] [Text] – Orenburg : Tipo-litografija B. A. Breslina, 1897. – 244 p.

6 Qazaq ädabi tiliniñ sözdıǵı. On bes tomдық [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes]. – Almaty : Arys, 2006. – 752 p.

7 **Rozental', D. Je., Golub, I. B.** Sekrety stilistiki. Pravila horoshej rechi [Secrets of stylistics. Rules of good speech. edition 7] [Text] – Moskva: Airis press, 2007. – 199 p.

8 **Nemchenko, V. N.** Vvedenie v jazykoznanie. Uchebnik dlja vuzov [Introduction to Linguistics. Textbook for universities] (Drofa, Moskva, 2008, 703 p.) [in Russian]

9 **Shmelev, D. N.** Problemy semanticheskogo analiza leksiki [Problems of semantic analysis of vocabulary] [Text] – Moskva : Izdatel'stvo LKI, 2008, – 280 p.

10 **Ahanov, K.** Til bilimniñ negizderi. [Fundamentals of linguistics. Educational work for philological faculties of universities and pedagogical institutes. Fourth edition] [Text] – Almaty : Kitap, 2002, – 664 p.

11 **Sevortjan, Je. V.** Jetimologicheskij slovar' tjurkskikh jazykov. Obshhetjurkskie i mezhtjurkskie osnovy na bukvu «B» [Etymological dictionary of Turkic languages. Common Turkic and Inter-Turkic bases starting with the letter «B»] [Text] – Moscow : Nauka, 1978. – 349 p.

12 **Kovaleva, L. M.** Mnogoznachnöst iazykovyh edinis v kognitivnom aspekte: monografija [The ambiguity of linguistic units in the cognitive aspect: monograph] [Teks]. – Irkutsk : IGLU, 2013. – 190 s.

13 **Devorah, E. K., Gregory, L. M.** The Representation of Polysemous Words // [Journal of Memory and Language](#) – 2001. – Vol. 45. P. 259–282. [Electronic resource]. – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0749596X0192772> (date of the application: 15.02.2023)

14 **Tolochin, I. V.** Uchebnik po leksikologii [Textbook on lexicology] [Text] – Moskva : Antologija, 2014 – 352 p.

15 **Leshhjova, L. M.** Leksicheskaia polisemija v kognitivnom aspekte : monografija [Lexical polysemy in the cognitive aspect: monograph] [Tekst]. – Moskva : JaSK, 2014. – 253 s.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*\*М. С. Кадирова*

Евразийский национальный  
университет имени Л. Н. Гумилева,  
Республика Казахстан, г. Астана.  
Принято к изданию 30.11.23.

## **О МНОГОЗНАЧНОСТИ СОМАТИЧЕСКИХ ЛЕКСЕМ (НА МАТЕРИАЛЕ СЛОВАРЯ 1897 Г. «КИРГИЗСКО-РУССКИЙ СЛОВАРЬ»)**

*В статье описывается одно из важнейших явлений в семантической системе любого языка – многозначность.*

*Автор рассматривает основные характеристики соматических лексем, как одного из многозначных слов. В ходе исследования подчеркнуты семантическая структура лексем, их первичное (основное) и второстепенное (вторичное) значения. Многозначность соматической лексики в письменном памятнике «Киргизско-русский словарь», написанном кириллическим алфавитом в XIX веке, изданном в Оренбурге в 1897 году в качестве основного источника, анализируется и делится на следующие подгруппы: 1) названия головы и ее частей; 3) названия ногитазобедренного пояса; 4) названия внутренних. Произведен компонентный анализ значений данных соматических лексем. С помощью компонентного анализа анализируются семантическая структура соматических слов, типы связей между лексико-семантическими вариантами полисемантики.*

*В ходе анализа было установлено, что в процессе своего развития и трансформации исходных значений анализируемые лексемы приобрели значительно большее количество переменных (второстепенных) значений. Формирование новых значений может осуществляться с помощью метафорических, метонимических или функциональных переходов. Лексико-семантические варианты, созданные по характеру цепочки значений в слове, связаны между собой радиальным, цепным и радиально-цепным типами.*

*Ключевые слова: соматическая лексика, соматизм, многозначность, лексема, семантическая структура слова*

*\*M. S. Kadirova*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana  
Accepted for publication on 30.11.23.

## **ON THE POLYSEMY OF SOMATIC LEXEMES (ON THE MATERIAL OF THE «KYRGYZ-RUSSIAN DICTIONARY», 1897)**

*The article analyses one of the most important phenomena in the semantic system of any language - polysemy.*

*The author considers the main characteristics of somatic lexemes, one of the polysemous words. The study will highlight the semantic structure of lexemes, their primary (main) and secondary (connotation) meanings. The polysemy of somatic vocabulary in the Kyrgyz-Russian dictionary, written in Cyrillic in the 19th century and published in Orynbor in 1897 as the main source, is analyzed and divided into subgroups. A component analysis of the meanings of these somatic lexemes is performed. The semantic structure of somatic words and types of relations between lexical-semantic variants of polysemantics are examined using component analysis.*

*In the course of the analysis it was found that in the process of their development and transformation of initial meanings the analyzed lexemes acquired a much larger number of variable (secondary) meanings. The formation of new meanings can be carried out by means of metaphorical, metonymic, or functional transitions. Lexical-semantic variants, created by the nature of the chain of meanings in the word, are connected with each other by radial, chain, and radial-chain types.*

*Keywords: somatic lexicon, somatism, polysemy, lexeme, semantic structure of the word*

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)